

«ГЕОГРАФИЯ» ПӘНІ БОЙЫНША СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

12 сынып

Мазмұны

1	Бағалау мақсаты	3
1.1	Халықаралық стандарттармен байланысы	3
1.2	Оқу бағдарламасымен байланысы	3
1.3	Критериалды бағалау жүйесімен байланысы	3
2	Сыртқы жиынтық бағалауға шолу	3
2.1	Емтихан жұмыстарының сипаттамасы	4
2.2	Бағалау міндеттері	5
2.3	Балдардың үлестірілуі	5
2.4	Командалық сөздер	6
2.5	Емтиханды өткізу тілі	7
2.6	Тапсырмаларға жауап беру барысында қолданылатын әдістер	7
3	Емтиханды өткізу процесін басқару	7
4	Балдарды қою процесі	7
5	Бағаларды қою процесі	7
5.1	Бағалар сипаттамасы	7
6	Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі	8
6.1	1-емтихан жұмысы	9

1 Бағалау мақсаты

Бағалау мақсаты – үміткердің оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін анықтау.

1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы


12-сыныптың «География» пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырмалары Cambridge AS-Level халықаралық деңгейіне сай құрастырылған.

1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы

12-сыныптың сыртқы жиынтық бағалауы 11 және 12-сыныптағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme Білім беру бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен білігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары «География» пәні бойынша оқу бағдарламасының күтілетін оқу нәтижелерімен анықталады.

1.3 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы

Сыртқы жиынтық бағалау критериалды бағалау жүйесінің бір бөлігі болып табылады, сонымен бірге оған қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау кіреді.



2 Сыртқы жиынтық бағалауға шолу

Сыртқы жиынтық бағалау емтиханы екі емтихан жұмысын қамтиды.

1-емтихан жұмысы	
Емтихан жұмысы үміткердің географиялық ақпарат және мәліметтермен жұмыс істей алу қабілетін бағалайтын 10 балдық жеті сұрақтан тұрады. Әр сұрақ оқу бағдарламасының бір бөліміне сәйкес бір-бірімен өзара байланысқан құрылымдық тапсырмаларды қамтиды. Үміткер емтихан жұмысының барлық сұрақтарына жауап беру қажет.	
1 сағат 45 минут	70 балл

2-емтихан жұмысы
Емтихан жұмысы А және В бөлімінен тұрады.
А бөлімі 30 балдық екі сұрақтан тұрады. Әр сұрақ үміткерден оқу бағдарламасындағы «Физикалық география» бөлімінің тақырыптарына сәйкес толық жауапты қажет ететін

тапсырмаларды қамтиды. Үміткер екі сұрақтың тек біреуіне жауап береді.	
В бөлімі 30 балдық үш сұрақтан тұрады. Әр сұрақ үміткерден оқу бағдарламасындағы «Экономикалық география» бөлімінің тақырыптарына сәйкес толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды қамтиды. Үміткер үш сұрақтың тек біреуіне жауап береді.	
1 сағат 30 минут	60 балл

2.1 Емтихан жұмыстарының сипаттамасы

Емтихан екі жұмыстан тұрады. Емтихан жұмысындағы сұрақтар оқу бағдарламасының негізгі бөлімдеріне сәйкес төмендегі тарауларын қамтиды:

№	Бөлім	Бөлімше
1	Физикалық География	1.1 Геоморфология
		1.2 Метеорология
2	Экономикалық География	2.1 Су қорларын тиімді пайдалану және экономикалық баға беру
		2.2 Туризм және Қазақстанда туризмнің дамуы
		2.3 Халықтар географиясы
		2.4 Халықаралық экономикалық қатынастар
		2.5 Адамзаттың ғаламдық мәселелері

1-емтихан жұмысы

Оқушыларға берілген **жеті** сұрақтың барлығына міндетті түрде жауап беру үшін 105 минут уақыт беріледі.

Бағалау міндеттері	Балл	Сипаттамасы
2-БМ (70%) 3-БМ (30%)	7 x 10	Әрбір сұраққа 10 балдан беріледі. Сұрақтар құрылымдалған, оқушылардың әртүрлі формада: график, кесте, фото, карта және мәтін түрінде ұсынылған тапсырмаларға берген жауаптарын, сонымен қатар тақырыптар бойынша білімдері мен түсінулерін бағалауға бағытталған. Қысқа және толық жауаптарды қажет ететін тапсырмалардан тұрады.
Барлығы	70	

2-емтихан жұмысы

Оқушыларға берілген А бөлімінде «Физикалық география» бөлімінің екі тарауының тек **біреуіне**, В бөлімінде «Экономикалық география» бөлімінің үш тақырыбының тек **біреуіне** жауап беру үшін 90 минут уақыт беріледі. В бөлімі тараулары жыл сайын жаңарып отырады.

Бөлім	Бағалау міндеттері	Балл	Сипаттамасы
А	1-БМ (63%) 2-БМ (20%) 3-БМ (17%)	1 x 30	Оқушылар «Физикалық география» бөлімі 2 тарауының тек біреуін таңдап, 30 балдан тұратын тапсырмаларға жауап береді. Бөлім толық жауаптарды қажет ететін тапсырмалардан тұрады. Тапсырмалар географиялық мәселелерді анықтауға және оның шешу жолдарына баға беруге бағытталған.

В	1-БМ (63%) 2-БМ (20%) 3-БМ (17%)	1 x 30	Оқушылар «Экономикалық география» бөлімі 3 тарауының тек біреуін таңдап, 30 балдан тұратын тапсырмаларға жауап береді. Бөлім толық жауаптарды қажет ететін тапсырмалардан тұрады. Тапсырмалар географиялық мәселелерді анықтауға және оның шешу жолдарына баға беруге бағытталған.
Барлығы		60	

2.2 Бағалау міндеттері

1-БМ	Білу және түсіну
Үміткер: • географиялық терминдерге анықтама бере алу; • процестер мен құбылыстарды түсіндіре алу; • әлеуметтік және физикалық география аясында сәйкес географиялық принциптер, теориялар мен модельдер туралы практикалық білімдерін көрсете алу; • түрлі географиялық қабықтар арасындағы өзара байланыс пен тәуелділікті түсіндіре алу; • адам әрекеті мен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынас туралы білімі мен түсінігін алу; • географиялық білім мен түсініктің жаһандық, ұлттық және жергілікті маңыздылығын түсіндіре алу қажет.	
2-БМ	Дағдылар және талдау
Үміткер: • географиялық білім мен түсініктердің бейтаныс контексте қолдана алу; • әртүрлі географиялық деректер мен дереккөздерді талдау, интерпретациялау және олардың шектеулігін түсіну, • географиялық деректерді заңдылықтар мен трендтерді анықтау мақсатында қолдана алу; • географиялық ақпаратты талдау және синтездеу дағдыларын көрсете алу; • географиялық деректер, идеялар мен дәйектермен жұмыс істей алу; • географиялық құбылыстар мен заңдылықтардың себептері мен салдарын талдай алу қажет.	
3-БМ	Баға беру және шешім қабылдау
Үміткер: • географиялық процестер мен өзгерістердің ықпалына баға бере алу; • географиялық процестерді болжай алу; • географиялық контексттегі әр түрлі көзқарастарға баға бере алу; • географиялық мәселелердің шешу жолдарын ұсыну және оларға баға бере алу.	

2.3 Балдардың үлестірілуі

Бағалау міндеттері бойынша балдардың үлестірілуі төмендегі кестеде берілген.

Бағалау міндеті	1-емтихан жұмысы	2-емтихан жұмысы	Барлығы
1-БМ		38	38
2-БМ	49	12	61
3-БМ	21	10	31
Жалпы балл саны	70	60	130

2.4 Командалық сөздер

Блум таксономиясы бойынша командалық сөздер

БМ	Дағдылар	Командалық сөздер
1-БМ	Білу	анықтау, белгілеу.
	Түсіну	байланыстыру, нақтылау, құру, салыстыру, сипаттау, айырмашылығын анықтау, түсіндіру, айқындау, суретпен сипаттау, пікір білдіру.
2-БМ	Қолдану	карта арқылы сипаттау, таңдау, құрастыру, ашу, пайдалану.
	Анализ	жіктеу, салыстыру, байланыстыру, сынау, талқылау, ерекшелігін анықтау, қорытынды жасау, тексеру.
3-БМ	Синтез	тұжырымдау, жоспарлау, ұсыну, сәйкестендіру, реттеу, талдап қорыту.
	Бағалау	дәлелдеу, бағалау, шешім шығару, болжамдау, ұсыну, мәселені шешу.

Командалық сөздер	Сипаттамасы
Анықтаңыз	Мағынасын анықтаңыз; сізге берілген ақпараттың ішінен қандай да бір нәрсені атаңыз немесе сипаттаңыз.
Бағалаңыз	Ақпаратқа негізделген пайымдау немесе пікір жасаңыз.
Бағалаңыз	Берілген дәлелге қарап бағалаңыз.
Беріңіз/Беріңіз/Құраңыз/Білдіріңіз/Атаңыз	Жауап беріңіз.
Дамытыңыз	Берілген ақпаратқа негізделіп ойды дамытыңыз.
Дәлелдеңіз	Пікіріңізді дәлелдеңіз.
Зерттеңіз	Тиянақты зерттеңіз.
Қараңыз	Берілген ақпаратқа негізделіп жазыңыз.
Қолданыңыз	Көпшілікке танылған тәсілмен іске асырыңыз.
Қорытындылаңыз	Ұсақ-түйекті түгелдемей негізгі тұстарды ұсыныңыз.
Көрсетіңіз	Пайымдау немесе дәлел келтіріп көрсетіңіз.
Мәлімдеңіз	Түсінікті терминдерді пайдаланып мәлімдеңіз.
Ойлап көріңіз	Берілген ақпаратты қарастырып жауап беріңіз.
Пікір-талас жүргізіңіз	Мәселеге қатысты әр түрлі болжанатын нәтижелерді атап өтіңіз.
Салыстырыңыз	Бірдей немесе әр түрлі тұстарды саластырыңыз.
Сипаттаңыз	Сипаттамаларды белгілеп көрсетіңіз.
Суреттеңіз	Түсіндірмелі мысалдарды келтіріңіз.
Талдаңыз	Ақпаратты компоненттерге бөліп олардың сипаттамаларын анықтаңыз.
Талқылаңыз	Маңызды тұстарды ұсыныңыз.
Таңдаңыз	Берілген ақпараттың ішінен маңызды сөздерді/ойларды/фразаларды таңдаңыз.
Түйіндеңіз	Берілген ақпаратқа қарап ойыңызды түйіндеңіз.
Түсіндіріңіз	Мақсат пен себептерді түсіндіріңіз.
Түсіндірме беріңіз	Негізделген көзқарасты ұсыныңыз.
Ұсыныңыз	Ықтимал жағдайды ұсыныңыз.
Шолу жасаңыз	Ақпаратты тиянақты зерттеңіз.

2.5 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде тапсырылады.

2.6 Тапсырмаларға жауап беру барысында қолданылатын әдістер

Тапсырмаларда оқушылардың жоғары деңгейдегі ойлау қабілетін дамыту мақсатында PEST, SWOT, GAP талдау әдістері қолданылады.

3 Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан қауіпсіздік шараларының барлығын қатаң түрде сақтай отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы Нұсқаулықтың талаптарына сай өткізіледі. Нұсқаулық келесі негізгі тармақтарды қамтиды:

- емтихан материалдары және олардың қауіпсіздігі;
- мұғалімдердің, кезекшілердің және әкімшіліктің міндеттері;
- емтихан өткізуге арналған материалдар мен аудиторияларды дайындау;
- жазбаша және практикалық емтихандарды өткізу үшін сәйкес келетін аудиториаларды дайындау.

4 Балдарды қою процесі

Балл қою процесі бас емтихан алушы, топ жетекшілері және емтихан алушылардан тұратын аттестациялық комиссия күшімен жүзеге асырылады. Әрбір емтихан жұмысы бойынша балл қою үшін емтихан алушылар топтары құрылады. Оларды топ жетекшілері басқарады.

Балдарды қою кезінде барлық емтихан алушылар балл қою кестесінің бірдей нұсқасын пайдаланады. Балл қою кестесінің дұрыс қолданылуын және бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан алушының тексерген жұмыстарын топ жетекшілері, бас емтихан алушы таңдамалы түрде қайта тексереді

5 Бағаларды қою процесі

Әрбір пән бойынша бағалау нәтижелері А*, А, В, С, D және Е әріптік бағалары түрінде қойылады, мұндағы А* бағасы оқу жетістіктерінің ең жоғарғы деңгейі, ал Е бағасы ең төменгі деңгейі болып табылады.

U бағасы (қанағаттанарлықсыз) оқушының оқу бағдарламасы материалын меңгермегенін білдіреді.

Оқушылардың пән бойынша оқу жетістіктерінің бағасы әр емтихан жұмыстарының бағаларынан емес, барлық емтихан жұмыстарының жалпы балынан шығарылады.

Тест спецификациясында негізгі бағалардың (А, С және Е) сипаттамасы берілген. Аттестациялық комиссия осы бағалардың шекараларын кәсіби ой-пікір және оқушылардың нәтижелері негізінде анықтайды. А*, В және D бағаларының шекаралары арифметикалық жолмен анықталады.

А*, А, В, С, D және Е бағалары қорытынды бағаға аударылады.

5.1 Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде оқушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

Баға	Сипаттамасы
------	-------------

А	Оқушы «География» пәні бойынша терең білімін көрсетеді. Географиялық құбылыстар мен заңдылықтар, олардың байланысы туралы жан-жақты түсінігі бар. Тәжірибелік дағдыларын таныс, сонымен қатар таныс емес жағдайларда қолданудың жоғары деңгейін көрсетеді. Жауаптары толық және нақты жазылған. Терминдердің анықтамасын бере алады; географиялық дереккөздермен (сурет, кесте, график, диаграмма), статистикалық мәліметтермен жұмыс істей алады; ғаламдық проблемалардың туындау себептерін дұрыс біледі және түсінеді; түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтер мен деректерді салыстырады, талдау жүргізеді.
С	Оқушы «География» пәні бойынша жақсы білімін көрсетеді. Географиялық құбылыстар мен заңдылықтар, олардың байланысы туралы түсінігі бар. Тәжірибелік дағдыларын таныс, сонымен қатар таныс емес жағдайларда қолданудың орташа деңгейін көрсетеді. Жауаптарында біршама дәлсіздік байқалады. Терминдердің анықтамасын бере алады; географиялық дереккөздермен (сурет, кесте, график, диаграмма), статистикалық мәліметтермен жұмыс істеуде біршама дәлсіздік жібереді; кез-келген проблемалардың туындау себептерін біледі және түсінеді; түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтер мен деректерді салыстырады, талдау жүргізуі жауаптары толық емес.
Е	Оқушы «География» пәні бойынша негізгі білімін көрсетеді. Географиялық құбылыстар мен заңдылықтар, олардың байланысы туралы түсінігі жеткіліксіз. Тәжірибелік дағдыларын таныс жағдайларда ғана қолданудың төмен деңгейін көрсетеді. Көптеген жауаптары толық емес.

6 Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі

Әр сұрақтың соңында тік жақша [] ішінде осы сұрақтың жауабы үшін берілетін балл саны келтірілген.

Нұсқама ретінде әр тапсырма үшін қойылатын балл саны анық көрсетілген балл қою кестесі беріледі.

6.1 1-емтихан жұмысы

Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.

Геоморфология

1 1-суретте көрсетілген ландшафтқа және оның ерекшеліктеріне мұқият қараңыз.



1-сурет

(a) 1-суретті қолданып, ландшафтты сипаттаңыз.

[3]

(b) 1-суреттегі ландшафттың қалыптасуына әсер ететін факторларды талдаңыз.

[4]

(c) 1-суреттегі ландшафтты қалпына келтірудің үш жолын ұсыныңыз.

[3]

[Барлығы: 10 балл]


1-емтихан жұмысы. Балл қою кестесі

Мазмұнға сай дұрыс ықтимал жауаптар қабылданады

Сұрақ	1	Геоморфология			
Бөлім	БМ	Балл	Оқу мақсаты	Жауап	Қосымша нұсқаулық
(a)	2-БМ	3	Топырақтың су эрозиясын, сайлар мен жылғаларды білуі тиіс.	• тегіс / жазық жер/ жыра / жылға / жырма • жыра ішінде өсімдіктер дүниесі жұтаң / аз • эрозия / су әрекеті / ағынды су нәтижесі • тілімденуі аз • жыра ішінде гумусы жоқ / топырағы жоқ • өсімдік түрі шөлге тән емес / дала зонасына тән / шалғын / бұталар кездеседі / егістік алқабы • симметриялы жыра / бірсызықты • даму сатысындағы жыра	
(b)	2-БМ	4	Топырақтың су эрозиясын, сайлар мен жылғаларды білуі тиіс.	табиғи фактор: • судың қазу әрекеті / тереңдік эрозия • топырақтың беткі / құнарлы қабатының шайылуы / нөсер жаңбыр • еріген су әрекеті / су эрозиясы • тамыры қысқа өсімдіктер • сайлар мен жылғалардың қалыптасуы • еңіс беткейі антропогендік: • адамдардың шаруашылық іс-әрекеті • суару кезіндегі қателіктер / лимандап суару • ауыл шарушылығын тиімсіз / жерді жырту кезіндегі қателер / экстенсивті жүргізу	
(c)	3-БМ	3	Топырақтың су эрозиясын, сайлар мен жылғаларды білуі тиіс.	• агрономелиоративті іс-шараларды қолдану • рекультивация жүргізу • жерді көлбеу жыртуды қолдану • көпжылдық өсімдіктер / бұталар отырғызу • қарды ұстап қалатын құрылғы қою/ қоршау / қалқан қолдану • ағаштарды отырғызу • еріген суларды бұру үшін каналдар салу	
Барлығы		10			

Метеорология

2 2-суретте көрсетілген Қазақстанның жауын-шашын картасына мұқият қараңыз.



2-сурет


- (a) 2-суретті қолданып, Қазақстан аумағындағы 66° бойлық бойынша солтүстіктен оңтүстікке қарай жауын-шашын мөлшерінің өзгерісін сипаттаңыз. [3]
- (b) 2-суреттегі картадан 66° бойлық бойынша солтүстіктен оңтүстікке қарай жауын-шашын мөлшерінің өзгеру себептерін талдаңыз. [4]
- (c) Қазақстанда құрғақшылық байқалатын аймақтарда ауылшаруашылығында болуы ықтимал мәселерінің алдын-алу үш шарасын ұсыныңыз. [3]

[Барлығы: 10 балл]

Сұрақ	2	Метеорология			
Бөлім	БМ	Бал л	Оқу мақсаты	Жауап	Қосымша нұсқаулық
(а)	2-БМ	3	Күн энергиясы мөлшерін, басым желдерді, жауын-шашын мөлшерін, метеорологиялық элементтердің тәуліктік, айлық, жылдық ауытқыларын, булануды, ылғалдану коэффициентін анықтау үшін өз жерлерінде бақылай алуы тиіс.	• солтүстіктен оңтүстікке қарай азаяды • ең жоғары / 250-300 мм көрсеткіші солтүстікте • ең төменгі / 100 мм-ден төмен көрсеткіші оңтүстікте • орталық аймақта жауын-шашын мөлшері орташа / 100 / 150-250 мм	Нақты облыстар, қала аттарымен жазса, жауап қабылданады.
(b)	2-БМ	4	Күн энергиясы мөлшерін, басым желдерді, жауын-шашын мөлшерін, метеорологиялық элементтердің тәуліктік, айлық, жылдық ауытқыларын, булануды, ылғалдану коэффициентін анықтау үшін өз жерлерінде бақылай алуы тиіс. Қазақстанда күн сәулелерінің, қаңтар мен шілде айларындағы ауаның орташа температурасының, жауын-шашынның жылдық таралуының принциптерін біледі.	• географиялық ендік / күннің түсу бұрышы • жер бедері / релеф / • төсеніш беті • ашық күндер саны солтүстіктен арктикалық ауа массалары • оңтүстіктен құрғақ тропиктік ауа массалары • ылғалдылық / буланушылық • антропогенді фактор	
(с)	3-БМ	3	Жергілікті халықтың шарушылық әрекетіне ауа райы әсерін талдай алуы тиіс.	• су қорын алдын- ала жинақтау • құрғақшылыққа төзімді өсімдерді өсіру • суармалы егіншілікті/тамшылыап суару технологияларын пайдалану • ағаштар, көшеттер отырғызу/жаңа технологияларды пайдалану/жасанды жолмен жауын - шашынды шақыру	Шаңды дауыл/аңыз ақ жел секілді мәселелерге қатысты алдын-алу шаралар ұсынса бал беріледі.
Барлығы		10			

Су қорларын тиімді қолдану мен экономикалық бағалау

- 3 Қаланың маңында орналасқан аймақтың көлденең қимасы көрсетілген 3-суретке мұқият қараңыз.



3-сурет

- (a) Қала астындағы су деңгейінің орналасуын 3-суреттегі ақпаратты қолданып сипаттаңыз. [3]
- (b) 3-суретте көрсетілген көлдің ластануына әкелетін ықтимал себептерді түсіндіріңіз. [4]
- (c) 3-суреттегі ақпаратты қолданып, қала астындағы су деңгейінің өзгерісінен туындаған мәселелердің алдын алудың үш жолын ұсыныңыз. [3]

[Барлығы: 10 балл]

1-емтихан жұмысы. Балл қою кестесі

Сұрақ	3	Су қорларын тиімді қолдану мен экономикалық бағалау			
Бөлім	БМ	Балл	Оқу мақсаты	Жауап	Қосымша нұсқаулық
(a)	2-БМ	3	су қорлары ұғымын, олардың ерекшеліктері мен қолданылуын білуі тиіс	• құдықтар қазылған • депрессия конусы • суды құдықтардан алу • судың жоғарыдан / қоршайтын аймақтардан қалаға қарай қозғалысы	
(b)	2-БМ	4	беткі және жер асты суларының ластану түрлерін, көздерін, параметрлерін, себептерін, салдарын білуі тиіс	• қоқыс көмілген жерде жаңбыр жауғанда • қалдықтар ериді • су жер асты суларына дейін төмен қарай өтіп сіңеді / одан кейін жер асты сулары бір бүйірінен ағады • ластанған су көлге құйылады • жер асты сулардың биіктігі өзгеруі мүмкін • ауыл шаруашылық қалдықтары • эвтрофикация тыңайтқыштар	
(c)	3-БМ	3	беткі және жер асты суларының ластану түрлерін, көздерін, параметрлерін, себептерін, салдарын білуі тиіс	• су ресурстарын үнемді пайдалану/ тиімді /рационалды пайдалану • су құнын арттыру/ тарифтерді көтеру • сенсорлық құрылғыларды орнату	
Барлығы		10			

Туризм және Қазақстанда туризмнің дамуы

4 4-суретте көрсетілген ландшафтқа мұқият қараңыз.



4 сурет

(a) 4-суретте көрсетілген аймақта дамытуға болатын туризмнің түрлерін анықтаңыз.

[3]

(b) 4 суретте көрсетілген аймақта туризм саласының дамуына PEST әдісі арқылы талдау жасаңыз.

[4]

(c) 4-суретте көрсетілген аймақта туризмнің дамуымен байланысты туындауы мүмкін экологиялық мәселелердің алдын-алудың үш жолын ұсыныңыз.

[3]


[Барлығы: 10 балл]

1-емтихан жұмысы. Балл қою кестесі

Сұрақ	4	Туризм және Қазақстанда туризмнің дамуы			
Бөлім	БМ	Балл	Оқу мақсаты	Жауап	Қосымша нұсқаулық
(a)	2-БМ	3	туризмнің дамуындағы мәселелер мен келешегін білуі тиіс	• тау туризмі • серуендеу • тау велосипедін айдау • шаңғы тебу • сноубординг • экотуризм	
(b)	2-БМ	4	жергілікті аймақта туризмді дамыту мүмкіндіктерін қамтуы тиіс	P- визалардағы шектеулерді қысқарту/туризм бағдарламаларын әзірлеу/туристтік заңдар қабылдау/қауіпсіздік деңгейін арттыру E- қаржыландыру/маркетинг/жарнама/инвестиция тарту/қор жинау S- мамандар даярлау/жергілікті халықтың туристік сана-сезім өзгерту/туристтік мәдениетті арттыру T- жолдар/ қонақ үйлер/ мейрамханалар/ шаңғышыларды көтеретін көтергіш құрылғы / аспалы жолдар/байланыс құрылғыларын орнату	
(c)	3-БМ	3	жергілікті аймақта туризмді дамыту мүмкіндіктерін қамтуы тиіс	• экотуризм саласын дамыту • келетін туристтердің экологиялық нормаларды сақтауын талап ету • ескертпе/жадынама/бейнероликтер әзірлеу • табиғатты қорғау шараларын күшейту/сақшылар	
Барлығы		10			

Халықтар географиясы

- 5 5-суретте көрсетілген 1926 және 2009 жылдар аралығындағы Қазақстан халқының ұлттық құрамының диаграммасына мұқият қараңыз.



5 сурет

- (a) 5-суретте көрсетілген Қазақстан халқының ұлттық құрамының өзгеруін сипаттаңыз.

[3]

- (b) Қазақстан халқының ұлттық құрамы өзгеруінің екі себебін талдаңыз.

[4]

- (c) Елдің көп ұлтты болуына байланысты Қазақстан халықтары ассамблеясының жұмысын бағалаңыз.


[3]

[Барлығы: 10 балл]

Сұрақ	5	Халықтар географиясы			
Бөлім	БМ	Балл	Оқу мақсаты	Жауап	Қосымша нұсқаулық
(a)	2-БМ	3	халық санындағы өзгерістер мен орташа халық тығыздығын анықтай алуы тиіс	- қазақтардың үлесі 1959 жылға дейін төмендеді, ал одан кейін өсті - орыстардың үлесі 1959 жылға дейін өсті, - орыстардың үлесі 1959-1970 шамамен тұрақты / өте мардымсыз өзгеріс - орыстардың үлесі 1989 жылдан бастап төмендеді - украиндықтардың үлесі төмендеді - басқалардың үлесі 1959 жылға дейін өсті - басқалардың үлесі 1970-1989 жылдар аралығында шамамен тұрақты - басқалардың үлесі 1989 жылдан бастап шамамен төмендеді	
(b)	2-БМ	4	халық санындағы өзгерістер мен орташа халық тығыздығын анықтай алуы тиіс	- орыстар / украиндер / басқа ұлттардың көші-қонының себебінен өзгерістер - Кеңес Одағының нығаюы мен құлдырауы / тәуелсіздіктің - немістердің еріксіз көші-қоны - жұмыскерлер көші-қоны - орыстар / украиндар /басқа ұлттардың елдеріне қайта оралуы - қазақтардың үлес салмағының артуы табиғи өсім себебінен	Екі себебін атаса 2 бал, талдаса 2 балл. 2x2
(c)	3-БМ	3	Қазақстан халық ассамблеясының жұмысын білуі тиіс	- мәдени орталықтар - ұлттық мерекелер - толеранттылық/қақтығыстарды болдырмау - дәстүрлерді дәріптеу/ұлттық тілдерді сақтау	
Барлығы		10			

Халықаралық экономикалық қатынастар

- 6 6-суретте көрсетілген 1 АҚШ долларының теңгеге шаққандағы валюта бағамының өзгерісіне мұқият қараңыз.



6- сурет

- (a) 6-суретте көрсетілген валюта бағамындағы өзгерістерді сипаттаңыз. [3]
- (b) 6-суретте көрсетілген валюта бағамындағы екі өзгерістердің себептерін талдаңыз. [4]
- (c) Мемлекет тарапынан жүргізілетін валюта бағамын реттеуге бағытталған үш іс-шараны ұсыныңыз. [3]


[Барлығы: 10 балл]

1-емтихан жұмысы. Балл қою кестесі

Сұрақ	1	Халықаралық экономикалық қатынастар			
Бөлім	БМ	Балл	Оқу мақсаты	Жауап	Қосымша нұсқаулық
(a)	2-БМ	3	Валюта бағамдарын білуі тиіс	• 2010 ж. көтерілді • 2010-2014 ж. тұрақты • 2015 ж. күрт көтерілді • 2017 тұрақты	Жылдарда шамалы ауытқу қабылданады. Сандық мәліметтерді қолданса 1 балл.
(b)	2-БМ	4	Халықаралық валюталық және несие қатынастарының механизмдерін білуі тиіс	• 2007–2008 ж. әлемдік дағдарыс • 2010 ж. АҚШ әлемдік дағдарыстан шыға бастау кезеңі • 2010–2014 ж. валютаны мемлекет тарапынан реттеу / жалған валюта • 2015 ж. әлемдік мұнай бағасының төмендеуі • 2016 ж. валютаны еркін айналымға жіберуі	Екі себебін атаса 2 бал, талдаса 2 балл. 2x2
(c)	3-БМ	3	Валюта бағамдарын білуі тиіс	• тағайындалған валюта бағамын енгізу • валюталық интервенциялар • екінші деңгейдегі банктердің/валюта айырбастау операторларының алып сатарлығына жол бермеу • импорт, экспорт қатынастарын реттеу	
Барлығы		10			

Адамзаттың жаһандық мәселелері

- 7 7-суретте көрсетілген 1965 және 2011 жылдар аралығындағы атмосфераға бөлінген көмірқышқыл газы (CO_2) көлемінің графигіне мұқият қараңыз.



7 сурет

- (a) 7-суреттегі графикті қолданып, атмосфераға бөлінген көмірқышқыл газы (CO_2) көлемінің өзгеруін сипаттаңыз.

[3]

- (b) 7-суретте көрсетілген көмірқышқыл газының (CO_2) көлемі өзгеруінің себептерін түсіндіріңіз.

[4]

- (c) Жаһандық жылыну салдарынан туындайтын экономикалық мәселелердің үш алдын-алу шараларын ұсыныңыз.

[3]

[Барлығы: 10 балл]

1-емтихан жұмысы. Балл қою кестесі

Сұрақ	7	Адамзаттың жаһандық мәселелері			
Бөлім	БМ	Балл	Оқу мақсаты	Жауап	Қосымша нұсқаулық
(a)	2-БМ	3	апаттық ластау мен биоалуантүрлілік азаюының алдын алуды қамтуы тиіс	• біршама тұрақты өсу • 12 – 34 / 22 миллиард метрикалық тоннаға дейін • шамамен 3 есе көбейді • 2008 / 9 шамалы төмендеу • 1980-1985/1990-1995 жылдары бірқалыпты тұрақты	
(b)	2-БМ	4	жергілікті аймақтағы жаһандық мәселелерді ұсынуды білуі тиіс	• халық санының өсуі • индустриализация • көлік құралдары санының артуы • ЖЭС санының артуы • Үндістан/Қытай/Бразилия және т.б.елдердің экономикаларының тез өсуі • баламалы энергия көздеріне деген сұраныстың азаюы • 1980-1990 жж Киото, Монреаль хаттамаларының қабылдануы • 2008 / 9 әлемдік рецессияның шамалы азаюы	
(c)	3-БМ	3	Қазақстанға әсер ететін ғаламдық проблемалардың сипаты, себептері және шешілуін білуі тиіс	• ауылшаруашылығы өнімділігін арттыру/жасыл революция • тұщы су қорын жинақтау • баламалы энергия көздеріне көшу • су ресурстарын үнемдеуге бағытталған технологияларды пайдалану • тұрақты дамуға көшу	
Барлығы		10			

А бөлімі

А бөлімінде берілген сұрақтың біреуіне жауап беріңіз.

Геоморфология

- 1 (a) Сөнбеген жанартаулар маңында адамдар өмір сүруінің оң және теріс жақтарын сипаттаңыз.

[7]

- (b) Ауа температурасының 0°C-тан жоғары және төмен өзгеруі нәтижесінде болатын физикалық үгілу үдерісін түсіндіріңіз.

[8]

- (c) «Аккумулятивті жер бедері басым аудандарда шаруашылық салалары аз дамыған». Сіз бұл тұжырыммен қаншалықты келісесіз?

Берілген тұжырымға өз пікіріңізді білдіріп эссе жазыңыз.

Эссе жауаптары қамтуы тиіс:

- мысалдармен түсініктеме;
- себеп салдарлы талдау;
- пайымдау пен шешім қабылдау;

[15]

[Барлығы: 30 балл]

Балл қою кестесі

Сұрақ	1	Геоморфология			
Бөлім	БМ	Балл	Оқу мақсаты	Жауап	Қосымша нұсқаулық
(a)	1-БМ	8	Адамдар мен жер бедері туралы білуі тиіс	Оң: • гейзерлер • термальды сулар • туристтердің келуі/ әдемі көрініс • құнарлы топырақ • құрылыс материалдар • пайдалы қазбалар • ғылыми зерттеу жұмыстары • төтенше жағдайларға қарсы күрес дағдылары дамиды Теріс: • өрт қаупі/күл/тефра/пирокластикалық жыныстар • ауасының ластануы/тыныс алу жолдары мәселесі/улы газдар/адам шығындары • орман алқаптарының қысқаруы • климаттың өзгеруі • жер сілкінісі • көлік қатынасын күрделендіреді • экономикалық шығындар	4+4
(b)	1-БМ	7	Жер бедерінің қалыптасуында экзогенді үрдістердің әсерін сипаттай білуі тиіс	• мұздату/еріту • тау жыныстары күндіз қыздырылады • тау жыныстары түнде салқындайды • тау жыныстарының жарықтарына су сіңеді • су қатады • жарықтар кеңейеді • қайталанатын әрекет • тау жыныстары жарылып кетеді	
Барлығы:		15			

1 (с)

- Оқу мақсаты – 1) Жер бедеріне қатысты ұғымдар мен терминдерді қамтуы тиіс;
2) Жер бедерінің адам өмірі мен егіншілікке әсерін анықтай алу тиіс;
БМ1-4 балл, БМ2-6 балл, БМ3-5 балл

Эссенің балл қою кестесі

Жалпы қағидалар. Үміткерлер эссе сұрағына әртүрлі тәсілдермен жүгінуі мүмкін. Төмендегі ұсынылған балл қою кестесі толық болып табылмайды. Координациялық кеңесте осы эссенің балл қою кестесі толықтырылып, баламалы негізделген жауаптарға түзетулері мүмкін. Үміткерлерге балл қою кестесіндегі ең жоғары деңгейлерге жету үшін марка схема мазмұндағы барлық элементтерді аяқтау қажет емес.

БМ1 4 балл

Емтихан алушылар аккумулятивті жер бедері мәселесінің түсіндірмелерін бағалау керек. Жоғары деңгейлі жауаптарда түсіндірмелерді суреттейтін мысалдар болуы керек. Үміткерлер жауаптарда аккумулятивті жер бедері қалыптасуын мысалдар келтіріп түсіндіру керек.

БМ1 үшін ықтимал жауаптар:

- аккумулятивті жер бедеріне (мысалы, өзен террасаларына Каспий маңы, Ертіс маңы, жайылма, валунды саз, шағылдар, құм төбелер, бархандарды жатқызуға болады);
- аккумулятивті жер бедері тау жыныстарының жинақталуынан қалыптасады (мысалы, теңіз, өзен, көл, мұздық және басқа шөгінділердің жинақталуы салдарынан);

БМ2 6 балл

Емтихан алушылар аккумулятивті жер бедері басым аудандардағы өзгерістерді қамтитын мәселені талдауды бағалауы керек. Жауаптар аккумулятивті жер бедерлі аудандарда шаруашылықтың аз дамуы салдарын талқылауды қамтуы керек.

БМ2 үшін ықтимал жауаптар:

- тау жыныстарының жылдам өзгеріске ұшырауы құрылыс ғимараттардың тұрақсыздығының қаупі сақталады, бұл.... әкеледі.
- аккумулятивті жер бедеріне басым аудандарда жел режимі (жылдамдығы мен бағыты) әрекеті салдарынан көлік жолдарын құмдар басып қалады, бұл.... әкеледі.
- ағынды сулар әрекеті (су массасы мен ағынның жылдамдығы) салдарынан опырылым, сел, сырғыма қаупі сақталады, бұл.... әкеледі.

БМ3 5 балл

Емтихан алушылар алдыңғы түсіндірулер мен талдауларға негізделген баға беру керек. Үміткерлер мәселені бағалау керек, олардың бағалауының негізді екендігінің себептерін көрсетуі керек. Үміткерлер мәлімдемемен қаншалықты келісетінін немесе келіспейтінін көрсетуін керек және өз пікірін негіздеуі керек.

БМ3 үшін ықтимал жауаптар:

- аккумулятивті жер бедері басым аудандарда шаруашылықты дамытудың пайдасы бар, өйткені бұл аудандарда рекультивациялық шараларды жүзеге асыру арқылы ауыл шаруашылық алқаптарын кеңейтуге болады.

- аккумулятивті жер бедері басым аудандарда шаруашылықты дамытудың пайдасынан зияны басым, өйткені құрылыс ғимараттардың тұрақсыздығы мен халықтың қауіпсіздігін сақтауда қиындықтар туындауы мүмкін.
- аккумулятивті жер бедері басым аудандарда шаруашылықты дамытудың оң жағы бар, себебі өзен жағаларына күрделі инженерлік амалдар жасау арқылы адамның өмір сүруіне, туризм дамуына қолайлы жерлерді пайдалануға болады.

Баллдар осы үлгілік мазмұнды қолдана отырып, жауаптың сапасына және төменде келтірілген жалпы балл қою схемасына байланысты есептеледі.

Жалпы балл қою кестесі

Балдар	1-БМ Білу және түсіну	Балдар	2-БМ Дағдылар және талдау	Балдар	3-БМ Пайымдау және шешім қабылдау
4	Арнайы мазмұнға қатысты білімі мен түсінуі өте жоғары деңгейде	6	Арнайы мазмұнға қатысты өте жоғары деңгейдегі талдау мен дағдыларды көрсетті	5	Арнайы мазмұнға қатысты өте жоғары деңгейдегі пайымдау мен шешім қабылдау дағдыларын көрсетті
3	Арнайы мазмұнға қатысты білімімен түсінуі жақсы деңгейде	5-4	Арнайы мазмұнға қатысты жақсы деңгейдегі талдау мен дағдыларды көрсетті	4	Арнайы мазмұнға қатысты жақсы деңгейдегі пайымдау мен шешім қабылдау дағдыларының көрсетті
2	Арнайы мазмұнға қатысты білімімен түсінуі қанағаттанарлық деңгейде	3-2	Арнайы мазмұнға қатысты қанағаттанарлық деңгейдегі талдау мен дағдыларды көрсетті	3-2	Арнайы мазмұнға қатысты қанағаттанарлық деңгейдегі пайымдау мен шешім қабылдау дағдыларын көрсетті
1	Арнайы мазмұнға қатысты білімі мен түсінуі базалық деңгейде	1	Арнайы мазмұнға қатысты базалық деңгейдегі талдау мен дағдыларды көрсетті	1	Арнайы мазмұнға қатысты базалық деңгейдегі пайымдау мен шешім қабылдау дағдыларын көрсетті
0	Арнайы мазмұнға қатысты білімімен түсінуі жоқ	0	Арнайы мазмұнға қатысты ешқандай талдау мен дағдылар көрсетпеді	0	Арнайы мазмұнға қатысты ешқандай пайымдау мен шешім қабылдау дағдыларын көрсетпеді

А бөлімі

Метеорология

2 (a) (i) Климаттың ауыл шаруашылығына әсерін сипаттаңыз.

[3]

(ii) Абсолюттік биіктік артқан сайын ауа қысымының өзгеруін және оның адам денсаулығына тигізетін әсерін түсіндіріңіз.

[7]

(b) Жердің төсеніш қабатының күн радиациясына әсерін сипаттаңыз.

[5]

